

**Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 20 тамыздағы (V сайланған XXXIV сессия)
"Павлодар облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды
күтіп-ұстау және серуендету қағидасын бекіту туралы" № 288/34 шешіміне
өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 311/37 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 қаңтарда № 4246 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2022 жылғы 8 тамыздағы № 184/14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 08.08.2022 № 184/14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 20 тамыздағы (V сайланған XXXIV сессия) "Павлодар облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау және серуендету қағидасын бекіту туралы" № 288/34 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4029 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 қыркүйектегі "Сарыарқа самалы" газетінде, 2014 жылғы 30 қыркүйектегі "Звезда прииртышья" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген Павлодар облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау және серуендету қағидасының 13 және 17 тармақтары алып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың

Хатшысы

А. Оспанова

В. Берковский

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігінің Ветеринарлық

бақылау және қадағалау

комитетінің Павлодар

облыстық аумақтық

инспекциясының басшысы

Р. Нұрбеков

2014 жылғы "12" желтоқсан

Қазақстан Республикасы

Тұтынушылардың құқықтарын

қорғау агенттігінің Павлодар

облысы тұтынушылардың

құқықтарын қорғау департаменті

басшысы

Е. Кәмелев

2014 жылғы "12" желтоқсан